

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКЖАНОВА Т.К.

**«БАСҚАРУ ЕСЕБІ» ПӘНІ БОЙЫНША
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

Ақтау, 2012

УДК 331:657.1(072)

Пікір жазған:

Саубетова Б.С. – э.ғ.к., Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің доценті

Бекжанова Т.К.

«Басқару есебі» пәні бойынша оқу-әдістемелік нұсқаулар/ Т.К.Бекжанова – Ақтау, 2012 – 35 б.

Бұл әдістемелік нұсқау теориялық материалды жүйелеу, семинарлық сабағына дайындыққа арналған. Оның ішінде әр семинар сабағына бақылау сұрақтар көрсетілген, материалдың игерушілігі үшін қажетті әдебиетке деген сілтемелер берілген, күрделілігі әртүрлі тапсымалар және глоссарий қарастырылған.

Әдістемелік нұсқау «Қаржы», «Есеп және аудит», «Экономика» мамандырының студенттеріне арналған.

УДК 331:657.1(072)

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды

© «Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ», 2012

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ МЕН МАЗМҰНЫ.....	6
ГЛОССАРИЙ.....	25
ӘДЕБИЕТТЕР.....	34

КІРІСПЕ

Кәсіпорындарда көп жылдар бойы қызмет ету барысында жоспарлау, бухгалтерлік есеп және экономикалық талдау тәжірибесі біршама өсті. Алайда бұл тәжірибе орталықтандырылып жоспарланатын экономика жағдайында қалыптасты. Оның теориялық негізінің нарықтық экономика принциптерінен үлкен айырмашылығы бар.

Кәсіпорындар заңнамалық және экономикалық жағынан жеке бөлініп кетті, ұйымдардың басқару бөлімдерінің өндірістік-қаржылық қызмет тиімділігіне жауапкершілігі арта түсті.

Дәстүрлі нарықтық экономикалық елдерде кәсіпорындар нарық жағдайында рационалды экономикалық жұмыс жасау жағынан мол тәжірибе жинаған, ондай тәжірибені қолданбау – ақылсыздық болар еді. Кәсіпорындарды басқарудың шетелдік теориясы мен практикасының жетістіктерінің бірі – басқару есебі болып табылады.

Басқару есебі – қаржылық және өндірістік ақпаратты идентификациялау, өлшеу, жинау, талдау, дайындау, интерпретациялау және ұсыну процесі болып табылады, соның негізінде кәсіпорын басшылығы жедел және стратегиялық шешімдер қабылдайды. Бұл анықтама халықаралық стандарттарға сәйкес келеді және кәсіпорынды басқару үшін есептің мәні мен міндетін анағұрлым толық сипаттайды.

Бүгінгі таңдағы қаржылық есеп өндіріс шығындарын бақылап, өткен кезеңдермен, сметалар және болжамдармен салыстырғандағы артық шығын шығу себептерін талдап, сонымен қатар үнемдеудің мүмкін резервтерін таба білуі міндетті. Ол басқару есебінің «базасы» болып табылады.

Ұйымдағы басқару есебі жүйесінің құрылымы уақытылы және тиімді шешімдер қабылдау үшін ішкі және сыртқы көздерден алынған ақпаратпен барлық деңгейлер менеджерлерін қамтамасыз ететін формалданған процедуралар жинағын қалыптастыруға негізделеді. Онда негізі қаржылық есеп болып табылатын ақпараттық базаға басты рөл бөлінеді, қаржылық есеп нақты анықталған жүйе, ережелері, маманданған және жауапты персоналы бар. Басқару есебі қаржылық есеппен тек қана шығындар жағынан ғана жанасады, олардың айырмашылығы тек шығындар есебінің әдістерінде ғана.

Бүгінгі күнде салық есебінің жеке бағытқа бөлінгені бәрімізге мәлім. Алайда қаржылық және басқару есебінің ақпаратын салық есептеулерінде қолдануға болады.

Басқару есебі жалпы ұйымның қызметін басқару жүйесін қамтиды, оған стратегиялық басқару, ұйымның қызметін, оның бөлімшелері мен функционалды блоктарын, шаруашылық қызметін бақылау және жоспарлауды, материалдық, қаржылық және кадр ресурстарын оңтайлы қолдануды бағалау кіреді.

Басқару есебі және талдау жүйесінің базалық компоненттері ретінде:

- шығындар есебі және оларды басқару;
- қызмет көрсеткіштерін жасақтау;
- қызметті стратегиялық және жедел түрде жоспарлау.

Басқару есебінің жүйесінде, бухгалтерлік және салық есебінен айырмашылығы, ақшалай да, табиғи түрдегі де мәліметтер қалыптасады.

Басқару есебі кәсіпорындағы функционалды процестермен тығыз байланысты әдістемелерге негізделеді. Әдетте тәжірибе жүзінде кәсіпорындарда басқару есебінің жеке элементтерін қолданатынына қарамастан, бұл элементтерді бірыңғай жүйеге біріктіру маңызды. Бұл жүйе басты нәтижеге жетуге, яғни ұйымды басқару сапасын арттыруға бағытталады.

Басқару есебін зерттеп, оның принциптерін кәсіпорындардың экономикалық қызметінде пайдаланған кезде, бұл ғылым мен тәжірибе творчестволық тұрғы мен көзқарасты талап етеді. Теорияда тек толықтай анықталмаған және қалыптаспаған жалпы принциптер ғана бар. Сонымен қатар, ондай есептің барлығына бірдей ыңғайлы әдістемесі, оны жүргізу ерекшеліктері, регистрлері және т.б. жоқ.

Басқару есебінің курсы «Есеп және аудит», «Қаржы және несие» мамандықтары бойынша экономистерді дайындауға арналған базалық пәндердің бірі болып табылады. Оны оқу жоғары кәсіби білім стандартымен қарастырылған.

Оқытудың ақырғы мақсаты – болашақ мамандарда кәсіпкерлік қызметтің басқару есебінің әдістемесі мен ұйымдастырылуы бойынша теориялық білім және тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру. Бұл білім мен дағдыларды нақты кәсіпорындардың жағдайларына және кәсіпкершіліктің мақсаттарына, басқарудың әрбір деңгейінің ерекшеліктеріне дағдыландырып үйрету қажет. Басқару есебінің принциптері әрбір ұйымның ерекшеліктерін, оның бизнесін, мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, қолданылуы тиіс.

Басқару есебінің курсы есептік пәндер зерттеуінің сабақтастығы мен сәйкестенуін қамтамасыз етеді. Студенттер алған білім әрі қарай «Есеп және аудит» пен «Қаржы» мамандықтарының келесі пәндерін терең зерттеуге мүмкіндік береді: «Қаржылық есеп», «Қаржылық есеп беру», «Қаржылық талдау», «Аудит».

«Басқару есебі» курсының оқу барысында келесі мақсаттарды шешу қажет:

- басқару есебінің мазмұны, оның принциптері және міндеттері туралы білімді қалыптастыру;
- ұйымдардың шығындарын және өндірістік қызметінің нәтижелерін есептеудің теориялық негіздерін игеру;
- калькуляциялаудың түрлері, қалыптасу орындары және объектілері бойынша өндіріс және өткізу шығындарының есебінің теориялық негіздерін игеру;
- өндірістік есептің қазіргі жүйелері, стандарт-кост, шығындар есебінің нормативтік әдісі, директ-костинг туралы және олардың шаруашылықтың әр түрлі салаларында қолданылу ерекшеліктері туралы түсінік алу;
- басқару шешімдерін қабылдау үшін және олардың тиімділігін бағалау үшін басқару есебінің ақпаратын қолдану.

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Тақырып № 1. Басқару есебінің теориялық негіздері

Тақырып № 2. Шығындар тәртібі. «Шығындар – көлем – пайда» талдауы

Тақырып № 3. Калькуляциялау объектілері бойынша шығындар есебі және үлестірілуі

Тақырып № 4. Нормативтік шығындардан ауытқулардың нормативтік есебі және талдауы

Тақырып № 5. Кәсіпорын шығындарын ауыспалы шығындар базасында өлшеу және бағалау (директ-костинг)

Тақырып № 6. Шығындарды жауапкершілік орталықтары бойынша бюджеттеу және бағалау

Тақырып № 7. Басқарудың әр түрлі деңгейлеріндегі шешімдерді негіздеу үшін басқару есебінің мәліметтерін қолдану

Тақырып № 1. Басқару есебінің теориялық негіздері

Тапсырма 1

Оқу орнын бітіріп шыққан соң, сіз фирмаға жұмыс жасауға келдіңіз және оның басшылығына басқару есебінің бөлімшесін құруды ұсынуды көздедіңіз.

Сіздің ойыңызша, бұл бөлімше қандай жұмыс атқаруы тиіс?

Бұл ұсынысты негіздеуге қандай аргументтер келтіресіңіз?

Қандай қарсылықтар күтуге болады?

Тапсырма 2

Кәсіпорын үшін есептің қандай түрі маңызды: қаржылық немесе басқару?

Сіздің ойыңызша, кімге жоғары еңбекақы төлеу қажет – қаржылық әлде басқарушылық (өндірістік) бухгалтерия басшысына ма? Өзіңіздің пікіріңізді дәлелдеңіз.

Тапсырма 3

Келесі кірістер мен шығыстарды кестеде көрсетілген ұғымдардың қайсысына жатқызар едіңіз:

а) аукциондық сатылым кезінде сатып алған дүкенге төлем жасалды;

б) осы дүкенді пайдаланған үшін жалға алушыдан жал төлемі түсті;

в) сел кезінде кәсіпорын қоймасындағы материалдардың бір бөлігі жарамсыз болып қалды;

г) селден болған залалды сақтандыру ұйымы өтеді;

д) кәсіпорынның негізгі құралдарының амортизациясы есептелді;

е) жабдықтаушылардан материал түсті және төленді;

ж) біздің кәсіпорынның бұйымдары мен қызметтері өткізілген үшін төлемақы түсті.

Ұғым	Операция
1. Құралдар(қаражаттар) шығындары	
1.1 Өнімді өндіруге тікелей байланысты шығындар	
1.2 Коммерциялық шығындар	
1.3 Өндіріс және өткізу процестеріне қатысы жоқ шығындар	
2. Құралдардың кірісі	
2.1. Өнімді өткізуден түскен түсім	
2.2. Қызметтің басқа түрлерінен түскен қаражаттар	
2.3. Басқа да ақша қаражаттарының түсімдері	

Әрбір операция бухгалтерлік есептің қай түріне жатады (қаржылық немесе басқару)?

Тақырып № 2. Шығындар тәртібі. «Шығындар – көлем – пайда» талдауы

4 тапсырма

1. Кәсіпорынның шығындары мен шығыстары есебінің мақсаттары мен міндеттерін атаңыз. Бұл ұғымдардың айырмашылығы қандай?
2. Келесі тұлғалардың еңбекақысы өнім дайындау бойынша негізгі өндірістік жұмыс үшін төленетін еңбекақыға әлде қызмет көрсетуші персоналдың еңбекақысына жатқызыла ма: швейцарлар, крандаушылар, конвейердегі жұмысшылар, бақылау бөлімінің жұмысшыларының еңбекақылары? Бұл персоналдың еңбекақысын қандай шығындарға жатқызар едіңіз, тұрақты ма әлде ауыспалы ма?

5 тапсырма

Кәсіпорынның келесі шығындары қай шығындар түрлеріне жатады: тұрақты, ауыспалы немесе жартылай ауыспалы ма:

- а) шикізаттар мен материалдар;
- б) машиналар мен құрал-жабдықтар амортизациясы;
- в) өндірістік персоналдың еңбекақысы;
- г) қоймалар жалына төлемақы;
- д) цехтар мен зауыт басқармасының жылу және жарықтандыруы;
- е) кепілдік қызмет ету мен жөндеуге кететін шығындар;
- ж) цехтар мен зауыт басқармасының амортизациясы;
- з) технологиялық мақсаттарға жұмсалатын отын мен энергия;
- и) жарнама шығындары;
- к) телефон шығындары;
- л) өнімді орауға кететін шығындар.

6 тапсырма

Фирма өндіріс көлемін үлкейту немесе қысқартуы қажет пе:

- а) егер де А өнімінің нарықтық бағасы – 1 кг/ 120 ақшалай бірлігін құраса, ал өндірістің 1 кг ұлғайғанда өндірушінің шығындары 70 а.б. артады; 100 а.б.; 200 а.б.;

б) Б өнімі бірлігіне дайындау бойынша шығындар 300 а.б. артты, ал нарықтық бағасы 150 а.б.; 300 а.б.; 360 а.б. деңгейінде орнады?

7 тапсырма

Фирма өнімнің бір түрін ғана дайындап сатады. Жыл бойы 18 млн. а.б. тұрақты шығындар, өнім бірлігіне шаққандағы 870 а.б. тікелей ауыспалы шығындар және келіскен бағасы 1380 а.б. болғанда, бұл өнім шығарылымы орынды болу үшін өткізу көлемі қандай болуы тиіс?

8 тапсырма

Компания менеджері өнімнің жаңа түрін өндіру мәселесін қарастырды. Ол үлкен сұранысқа ие болуы мүмкін. Өндірілетін өнім бірлігіне кететін ауыспалы шығындар жобамен келесідей болады:

- тікелей материалдық шығындар – 18,5 а. б.;
- тікелей еңбек шығындары – 4,25 а. б.;
- қосымша материалдар – 1,1 а. б.;
- коммерциялық шығындар – 2,8 а. б.;
- басқа да шығындар – 1,95 а. б.

Тұрақты шығындар бір жылда:

- ғимараттар мен құрал-жабдықтар амортизациясы – 36 000 д. е.;
- жарнамаға кететін шығындар – 45 000 д. е.;
- басқа да – 11 400 д. е.

Компания өнімді 55 а.б. бағамен матуды жоспарлайды.

Талап етіледі:

1. Маржиналдық әдісті қолдана отырып, компания сатуға тиіс өнім көлемін есептеңіз:

А) критикалық нүктеге жету;

Б) 70 224 а. б. түрінде пайда түсіру

2. Сол мәліметтерді пайдалана отырып, компания жарнама шығындары 40000 а.б. ұлғаятынын ескере отырып, 139520 а.б. пайда түсіру үшін қанша көлемде өнім сату керектігін есептеңіз.

3. Бастапқы ақпаратқа сүйене отырып, және де сатылым көлемі 10000 а.б. құрайтынын болжап, 131 600 а.б. пайда түсіру үшін өнімді қандай бағамен сату керектігін есептеңіз.

4. Маркетинг бойынша менеджер жыл бойы сатылым көлемі 15 000 бірлікті құрайды деп есептейді. Егер де өнім бірлігінің бағасы 52 а.б. құраса, ауыспалы шығындарды азайту мүмкін болмаса және компания сауда көлемі 15000 өнім бірлігі болғанда, 251 000 а.б. пайда түсіргісі келсе, жарнамаға қосымша қанша жұмсай алады?

9 тапсырма

Кестедегі бос орындарды толтырыңыз:

Сатылымдар	Ауыспалы шығындар	Тұрақты шығындар	Сомалық шығындар	Пайда
	800		900	400
4 000		500		200
3 000	1 700		2 500	
1 000		200	1 000	

Тақырып № 3. Калькуляциялау объектілері бойынша шығындар есебі және оларды үлестіру

10 тапсырма

Келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Бұйымның нақты өзіндік құнын есептеу үшін бухгалтерлік есептің қандай мәліметтері керек?
2. Бұйымның өзіндік құнының нормативтік әдісі жоспарлық және нақты калькуляциялардан айырмашылығы қандай?
3. Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау не үшін қажет?
4. Өнімнің өзіндік құнының калькуляциясының қандай түрін білесіз, олардың бір-бірінен айырмашылығы қандай?
5. Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың тапсырыстық әдісінің ерекшеліктері қандай?
6. Өнімнің өзіндік құнын бөлістік калькуляциялаудың ерекшеліктері қандай?

11 тапсырма

Пластмасса ойыншықтарын өндіру бойынша компания 2 перделімеет: формалау (А цехында) және өңдеу (В цехында). Негізгі материалдар процесс басында А цехында өндіріске жіберіледі. Қосылған шығындар (еңбекақы плюс жалпы өндірістік шығындар) екі цехта да орын алады. Өңделген жартылай фабрикаттар А цехынан В цехына жібереді. В цехында өңделіп болған соң, ойыншықтар (дайын өнім) қоймаға жіберіледі.

А цехы бойынша мәліметтер 20 ж. наурыз:

Аяқталмаған өндіріс, бірл.	10000
Бастапқы қалдық	5100
Негізгі материалдар, АБ	4000
Қосылған шығындар (40 % аяқталған), АБ	1100
Наурыз айында шығарылған, бірл.	48000
Наурыз айында өңдеу басталды, бірл	40000
Кезең соңындағы аяқталмаған өндіріс (50 % аяқталған), бірл.	2000
Наурыз айында негізгі материалдар жіберілген, АБ	22000
Наурыз айында қосылған шығындар	18000
Негізгі өндірістік жұмысшылар еңбекақысы, АБ	6000
Жалпы өндірістік шығындар, АБ	12000

А цехында өндірілген жартылай фабрикаттардың өзіндік құнын есептеу керек; осы цехтың аяқталмаған өндірісінің құны; В цехына жартылай фабрикаттар жіберілген операцияға өткізбе құрыңыз.

Шешуі

Өнімнің шартты белгілерін есептеу 3 сатыдан тұрады.

1. Кезең басындағы аяқталмаған өндірістегі шартты дайындалған бұйымдардың санын қосылған шығындары бойынша есептейді. Ол бірліктер санының x (100% - аяқталғандық пайызы) көбейтіндісіне тең. Аяқталған өндірістің шартты бірліктері материалдық шығындар бойынша есепке алынбайды, нөлге тең, себебі бұл материалдық шығындар алдыңғы кезеңде жүзеге асырылған.

2. Осы кезеңде басталып, аяқталған бұйымдар санын есептейміз. Ол есепті кезеңде өндіріске жіберілген бұйымдар саны минус кезең соңындағы аяқталмаған өндіріс қалдықтарындағы бұйымдар саны. Осы кезеңде басталған және аяқталған бұйымдар саны есептеледі. Ол есепті кезеңде өндіріске жіберілген бұйымдар санынан кезең соңындағы аяқталмаған өндіріс қалдықтарындағы бұйымдар санын шегергендегі қалдық санға тең.

3. Кезең соңындағы аяқталмаған өндірістегі шартты бірліктер санын есептейді: материалдар шығындары бойынша = бірліктер саны \times 100%;

қосылған шығындар бойынша = бірліктер саны \times аяқталғандық пайызы.

Келесі келтірген кесте біздің үлгі үшін өндіретін өнім көлемін ФИФО әдісімен шартты бірлікпен көрсетеді.

Өнім өндірілуінің шартты көлемін есептеу:

Көрсеткіштер	Есепке алынуға тиіс бірліктер	Шартты бірліктер	
		Материалдық шығындар	Қосылған шығындар
Бастапқы қорлар (өткен кезеңде басталған, бірақ аяқталмаған)		X	X
Материалдық шығындар (100 %)	X	X	X
Қосылған шығындар	X	X	
Ағымдағы жылда басталған және аяқталған			
Ақырғы қорлар (осы кезеңде аяқталмаған)		X	X
Материалдық шығындар (100 %)	X		X
Қосылған шығындар	X	X	
Барлығы			

Қосылған шығындар = Бастапқы шығындары \times (100 % - аяқталғандық деңгейі).

Бұл кесте өнімнің шартты бірлігіне шаққандағы материалдық және қосылған шығындарды жеке есептеуге мүмкіндік береді. Ол үшін кезең бойы шыққан материалдық және қосылған шығындарды соған сәйкес материалдық және қосылған шығындар бойынша өнімнің шартты бірліктерінің санына бөледі. «Аяқталмаған өндіріс» шоты бойынша кезең басындағы сальдо (қалдыққа) енгізілген шығындар есептелмейді, себебі олар алдыңғы кезеңге жатады.

Өнім бірлігінің өзіндік құнын есептеу:

Көрсеткіштер	Барлық шығындар			Шығындар	
	Бастапқы қорлар	Ағымдағы кезең	Барлығы есептелген	Шартты бірліктер	Шартты бірлікке
Материалдық					
Қосылған					
Барлығы				X	

Шартты бірлікке шаққандағы шығындар = ағымдағы кезең шығындары / шартты бірліктер саны.

Қорытынды өзіндік құн кестесін есепті кезеңнің жалпы шығындарын бұйымдар арасында үлестіру үшін қолданады. Шығындардың бір бөлігі «Аяқталмаған өндіріс» шотының сальдосы ретінде есепті кезеңнің соңына қалады. Басқа шығындар дайындалған және бөлімшелерден шыққан бұйымдардың өзіндік құнына кіреді.

Қорытынды өзіндік құн:

Көрсеткіштер	Дайын өнім	Аяқталмаған өндіріс
Бастапқы қорлар		
Бастапқы қалдық		X
Аяқтауға шыққан шығындар		X
Барлығы		X
Кезең бойы басталған және аяқталған		X
Ақырғы қорлар		
Материалдық шығындар	X	
Қосылған шығындар	X	
Барлығы		
Тексеріс:		
Дайын өнім		X
Аяқталмаған өндіріс		X
Барлығы		X

Өзіндік құнды калькуляциялаудың соңғы сатысы – дайын өнімнің өзіндік құнын «Аяқталмаған өндіріс» шотынан есептен шығаратын өткізбе болып табылады. Қорытынды өзіндік құн кестесінде есептелген дайын өнім құны «Дайын өнім» шотының дебеті және «Аяқталмаған өндіріс» кредиті бойынша көрсетіледі:

Д Дайын өнім К Аяқталмаған өндіріс

12 тапсырма

Тапсырыстық калькуляция әдісін қолданатын кәсіпорында белгілі бір уақыт кезеңінде өндірістің тұрақты жалпы шығындары 100 000 а.б. құрады. А өнімінің бірлігін шығарғанда еңбекақы 10 а., Б өнімінде – 5 а.б. құрады. Әдетте берілген уақыт кезеңінде А өнімінің 3000 бірлігі және Б өнімінің 4000 бірлігі шығарылады.

1. Жалпы өндірістік шығындардың тікелей шығындарға қатысты нормасы (пайыздық ставкасы) қандай?
2. Есепті кезеңдегі өнім шығару бағдарламасы келесідей өзгертін болса, жалпы шығындарды толықтай жабу үшін қандай өтеу ставкасын қолданамыз:
А өнімі– 1000 дана;
Б өнімі– 6000 дана.
3. Егер де өтеу ставкасы өндірістік бағдарлама өзгерген жағдайда бұрынғы қалпында қалса, өтеу сомасы қандай болу керек?

№ 4 тақырып. Нормативтік есеп және нормативтік шығындардан ауытқуларды талдау

13 тапсырма

Келесі ұғымдарды қысқаша түсіндіріңіз: шығындар нормативі (стандарты); нормативтік өзіндік құн; нормативтік ставка; шығындар нормасының өзгеру шамасы; сан және баға бойынша ауытқулар; кәсіпорынның жүктелу деңгейі; жүктеме деңгейінің өзгеруінен болған ауытқулар.

14 тапсырма

1. Шығындар есебінің нормативтік әдісі стандарт-кост әдісінен айырмашылығы қандай?
2. Стандарт-кост артықшылықтары мен кемшіліктері.
3. Шығындар есебінің нормативтік әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері.
4. Стандарт – кост және нормативтік есептің үстеме шығындарды нормалау әдістерінің айырмашылығы қандай?

15 тапсырма

Техникалық-экономикалық талдаудың негізінде және өнім бірлігіне шаққандағы ресурстар санының минималды тұтыну нормативына сүйене отырып, өндіріс учаскесі үшін келесі шығындар функциясы бөлінген:

$$\hat{E} = 2\tilde{O} + 700 \quad \text{при } 0 \leq X \leq 300;$$

$$\hat{E} = \frac{1}{300} \tilde{O}^2 + 1000 \quad \text{при } X > 300,$$

где X - өнім саны.

Учаскенің максималды қуаттылығы 700 бірлікті құрайды.

1. Учаскенің нормативтік шығындарының сомасын анықтаңыз, ондайда оның өндірістік қуаттылығының оптималдық загрузкисына сүйену қажет.
2. Құрал-жабдықтың оптималды загрузкисындағы кәсіпорын шығындары сомасын есептеңіз.

16 тапсырма

Компания нормативтік шығындар есебінің жүйесін қолданады. Компанияның негізгі өнімі – қыздыру батареясы, ол тек қана бір цехта ғана өндіріледі. Дайын бұйым бірлігіне шаққандағы келесі нормативтік ауыспалы шығындар:

Тікелей материалдар	3 кв. метра x 12,5 д. е. / кв. м	37,5 д. е.
Тікелей еңбек	1,2 часа x 9 а. б. / сағ	10,8 а. б.
Ауыспалы ЖӨШ	1,2 часа x 5 а. б. / сағ	6 а. б.
Нормативтік ауыспалы шығындар өнім бірлігіне		54, 3 а. б.

Қалыпты қуаттылық тікелей еңбектің 15 000 сағатын құрайды, жоспарланатын (бюджеттік) тұрақты жалпы өндірістік шығындар 54 000 а.б. құрайды. Бір жыл ішінде компания дайын өнімнің 12 200 бірлігін өндіріп сатты. Жыл бойы өндіріске байланысты шаруашылық операциялар және нақты шығындар сомасы жөнінде келесі ақпарат белгілі:

- 37 500 кв. метр тікелей материал сатып алынған және қолданылған; сатып алу бағасы 1 кв/метрге 12,4 а.б.;
- тікелей еңбек шығындары 15 250 сағатты құрады, және тікелей еңбектің орташа төлеу ставкасы 1 сағатқа 9,2 а. б. құрайды;
- Нақты жалпы өндірістік шығындар кезең бойы жалпы өндірістік шығындар 73 200 а.б. құрады, тұрақты шығындар – 55 000 а.б.

Талап етіледі:

Бар мәліметті пайдалана отырып, келесі шамаларды есептеу:

1. Нақты шығарылымға нормативтік сағаттарды.
2. Тұрақты ЖӨШ нормативтік коэффициентін.
3. Тікелей материалдардың бағасы бойынша ауытқу.
4. Тікелей материалдарды қолдану бойынша ауытқу.
5. Тікелей еңбектің төлем ставкасы бойынша ауытқу.
6. Тікелей еңбек өнімділігі бойынша ауытқу.
7. ЖӨШ бақыланатын ауытқуы.
8. Көлем бойынша ЖӨШ ауытқуы.

17 тапсырма

Бақылау жұмыстың сұрақтары:

1. Бюджеттің болжамнан айырмашылығы қандай?
2. Өнімнің өзіндік құны калькуляциялау не үшін қажет?
3. Шығындарды олардың пайда болу орындары бойынша есебінің мақсатын түсіндіріңіз.
4. Тікелей шығындар барлық жағдайларда ауыспалы бола ма? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
5. Өндіріс көлемі бойынша нормадан ауытқудың мүмкін болатын себептерін атаңыз.

№ 5 тапсырма. Кәсіпорын шығындарын ауыспалы шығындар базасында өлшеу және бағалау (директ-костинг)

18 тапсырма

Фирма бір ай ішінде келесі жағдайда үш бұйым өндіреді және сатады – А, Б және В:

Көрсеткіштер	Бұйымдар		
	А	Б	В
Қоймадағы қалдық, дана	4000	2000	1500
Сатылым саны, дана	10 000	3600	4000
Өндіріс көлемі, дана	8000	2000	3000
Материалдар шығыны, а. б.	2400	2400	900
Еңбекақы, а. б.	3200	1200	600
Басқа да ауыспалы дайындау шығындары, а. б.	6400	2400	1500
Тұрақты дайындау шығындары, а. б.	4000	3000	2100
Ауыспалы басқару және өткізу шығындары, а. б.	4000	1440	800
Жарнама шығындары, а. б.	2000	1080	400
Тұрақты дайындау шығындары, а. б.	5100		
Сатылым бағасы, а. б./бірлікке.	4,00	6,00	2,00

Директ-костты қолдана отырып:

1. Әрбір бұйым бағасының төменгі шекарасын есептеңіз.
2. Өткізудің қаржылық нәтижесін толық шығындар және директ-костинг әдістерімен анықтаңыз, есептеулер нәтижесін талқылаңыз.

19 тапсырма

1. Директ-костингтің негізгі принциптерінің мәні неде?
2. Директ-костингтің артықшылықтары мен кемшіліктері.
3. Стандарт-кост, нормативтік есеп және директ-костингтегі үстеме шығындарды нормалау әдістерінің айырмашылықтары неде?
4. Директ-костинг шығындардың толық өзіндік құны бойынша есебінен айырмашылығы қандай?
5. Директ – костинг әр уақытта тікелей шығындар есебін білдіре ме?
6. Неліктен директ-костинг көбінесе нәтижелері бір жылдан аспай жүзеге асырылатын шешімдерді қабылдауға бағытталған?

20 тапсырма

Кәсіпорын келесі сипаттамадағы өнімнің үш түрін (А,Б және В) өндіреді:

Көрсеткіштер	Бұйымдар		
	А	Б	В
Сатылымдар саны, бірл.	500	500	2000
Өтеу ставкасы, а. б.	14,00	28,00	15,00
Өндіріс уақыты, сағ/бірл.	2,00	4,00	3,50

Басқару шығындары 50 000 а.б. құрады, соның ішінде тұрақты шығындар – 20 000 а.б. Олар өндіріс уақытына пропорционалды бұйымдар бойынша үлестіріледі. Кәсіпорын зиянды өнімді өндірістен алып тастағысы келеді.

Толық шығындар есебі мен директ-кост базасында:

1. Жалпы кәсіпорын бойынша бір өнім бірлігіне шаққандағы пайданы есептеңіз.

2. Зиянды бұйымды өндірістен алған соң, өтеу ставкаларын және маржиналды табыс пен пайданың жалпы сомасын анықтаңыз.
3. Есептеулер нәтижелерін түсіндіріңіз. Бұл жағдайда қандай шешім дұрыс болар еді?

№ 6 тақырып. Жауапкершілік орталықтары бойынша шығындарды бюджеттеу және бақылау

21 тапсырма

Кәсіпорын шығындары мен қызметі нәтижелерінің бюджетін құрудың негізгі принциптерін атаңыз. Бюджеттеу мәні және оның ерекшеліктері. Бюджеттің болжаудан айырмашылығы қандай? Кәсіпорын шығындарының жалпы сметасын құруға қолданылатын әдістер. «Икемді бюджет» дегеніміз не? Бюджеттің қай көрсеткіштері басқарушылар үшін тәуекелді минимизациялау жағынан қызықтырады?

22 тапсырма

Кәсіпорындағы жауапкершілік орталықтарын қалыптастыру үшін қандай басты жағдайлар қажет? Өнім өндіру, қамту және өткізу салаларындағы негізгі жауапкершілік орталықтарын атаңыз. Жаңа өнім өндірісін игеру үшін; кәсіпорынды әрі қарай дамыту мақсатымен бюджеттерді дайындау және қолдану барысында қандай қиындықтар кездесуі мүмкін? Бухгалтерлік есептен бейхабар адамға «ауытқулар талдауы» нені білдіретінін және не үшін керек екенін түсіндіріп беріңіз. Үстеме шығындардың (қатты) және икемді сметаларын пайдаланудың мақсаттары мен ерекшеліктері. «Маған онсыз-ақ білетінімді жеткізу үшін ішкі есептеме көрсеткіштерін құрастыру және талдау тым көп уақытты талап етеді», -деп айтады басқарушы. Бұл пікірге қарсы не айтуға болады?

23 тапсырма

Фирма екі өнім өндіреді - альфа және сигма.
 Альфа № 1 цехта өндіріледі, сигма - № 2 цехта.
 Келесі ақпарат белгілі:
 Материал X 1 кг - бағасы \$1,80.
 Материал Y 1 кг - \$4,00.
 Негізгі өндірістік персонал еңбегінің бір адам-сағаты \$3 құрайды.

Уақытша көрсеткіш	Материал X, кг	Материал Y, кг
Кезең басында	8500	8000
Кезең соңында	10200	1700

Жанама шығындар тікелей адам-сағаттар негізінде анықталады.

Ресурстар шығынының нормалары:

Материал	Альфа	Сигма
X	10 кг	8 кг
Y	5 кг	9 кг
Тікелей еңбек	10 сағат	15 сағат

Дайын бұйымдар:

Көрсеткіштер	Альфа	Сигма
Сатылым болжамы (дана)	8500	1600
Сатылым бағасы (\$)	100	140
Жыл соңындағы қорлар нормасы (дана)	1870	90
Кезең соңындағы қалдықтар	170	85

Жоспарлық жылдың жанама шығындары:

Ауыспалы жанама шығындар (тікелей еңбектің 1 адам-сағатына)	Цех №1	Цех №2
Жанама материалдар	\$0,3	\$0,2
Жанама еңбек	0,3	0,3
Энергиямен қамтамасыз ету (ауыспалы бөлік)	0,15	0,10
Жөндеу (ауыспалы бөлік)	0,05	0,10
Тұрақты жанама шығындар		
Амортизация	25000	20000
Бақылау	25000	10000
Энергиямен қамтамасыз ету	10000	500
Жөндеу	11400	799

Жоспарлық жылдың өндірістік емес жанама шығындар:

Басқару	\$1000
Сатылымдар бөлімінің еңбекақысы	18500
Офис еңбекақысы	7000
Комиссия ұсталымдары	15000
Көлік (сатылым)	5500
Жарнама	20000
Басқалары	2000

Жоспарлық жылдың ақшалай түсімдері мен шығындары:

Ақшалай активтер	1-й квартал	2-й квартал	3-й квартал	4-й квартал
Клиенттерден түскен түсімдер сомасы	250000	300000	280000	246000
Төлемдер:				
материалдар	100000	120000	110000	136996
еңбекақы	100000	110000	120000	161547
Басқа да шығындар	30000	25000	18004	3409

Жоспар алдындағы жыл балансы:

Активтер	
Ағымдағы активтер	
Ақшалай қаражаттар	\$8500
Клиенттер қарыздары	72250
Шикізат қорлары	47300
Дайын бұйымдар қорлары	24769
Ағымдағы активтердің барлығы	152819
Негізгі қорлар	
Ғимараттар мен құрал-жабдық	323000

Минус амортизация	(63750)
Барлығы	259250
Жер	42500
Негізгі қорлардың барлығы	301750
Активтердің барлығы	454569
Жабдықтаушылар қарыздар	62200
Меншікті капитал	
Капитал	300000
Жиналған пайда	92369
Меншікті капиталдың барлығы	392369
Қарыздар және меншікті капиталдың барлығы	\$454569

Талап етіледі: Жоспарлық жылдың ақшалай ағымдары туралы есеп беруді, балансты, пайдалар мен залалдар туралы есеп беруді құрастыру.

Шешім

1-ші қадам. Сатылымдар бюджеті:

Бұйым	Сан (дана)	Сатылым бағасы	Барлығы
Альфа			
Сигма			
Барлығы	X	X	

2-ші қадам. Өндіріс бюджеті:

Көрсеткіштер	Альфа	Сигма
Күтілетін сатылымдар (дана)		
Дайын өнімнің қалдықтары (дана)		
Қажет етіледі		
Минус жыл басындағы қалдықтар		
Өндіріске жіб. бұйымдар		

3-й қадам. Материалдар мен комплекттеушілерді пайдалану бюджеті:

Бұйым	Материал X	Материал У	Барлығы
Альфа			X
Сигма			X
Барлығы қажет етіледі (кг)			X
1 кг бағасына көбейту			X
Барлық материалдар шығыны			

Материалдар мен комплекттеушілерді сатып алу бюджеті:

Көрсеткіштер	Материал X	Материал У	Барлығы
Өндіріске қажетті материалдар керек (кг)			X
Кезең соңындағы қалдықтар (кг)			X
Барлығы қажет (кг)			X
Минус жыл басындағы қалдықтар			X
Барлығы сатып алуға (кг)			X
Бағасы 1 кг			X
Сатып алу шығындары			

4-й қадам. Негізгі өндірістік персоналдың еңбек шығындарының бюджеті:

Бұйым	Саны (дана)	Бір бұйымға шаққандағы адам-сағаттар	Сағаттың барлығы	Шығындардың барлығы (сағатқа \$3)
Альфа				
Сигма				
Барлығы	X	X		

5-ші қадам. Жанама (жалпы өндірістік) шығындардың бюджеті:

Көрсеткіштер	1-й цех (Альфа бұйымы)	2-й цех (Сигма бұйымы)	Барлығы
Ауыспалы жанама шығындар	X	X	X
Материалдар			X
Еңбек шығындары			X
Электр энергиясына кететін шығындар			X
Жөндеу			X
Негізгі персонал еңбегінің бір сағатын есептегенде барлығы			
Тұрақты жанама шығындар	X	X	X
Амортизация			X
Бақылау			X
Электроэнергия шығындары			X
Жөндеу			X
Тұрақты жанама шығындардың барлығы, соның ішінде 1 сағ. есептегенде			X
1 сағатпен есептегендегі ауыспалы және тұрақты жанама шығындардың барлығы			X
Жанама шығындардың барлығы			

6-шы қадам. 1 бұйым өндірілуінің өзіндік құны:

Көрсеткіштер	Ресурс бірлігінің өзіндік құны(сағатқа немесе 1 кг-мен алғанда)	Альфа бұйымы		Сигма бұйымы	
		Саны	Шығындар	Саны	Шығындар
Материал X					
Материал Y					
Тікелей еңбек					
Жанама шығындар					
Барлығы	X	X		X	

7-ші қадам. Қойма қалдықтарының бюджеті:

Материалдар	Килограмм	1 кг бағасы	Сомасы (\$)	Барлығы (\$)
Материал X				X
Материал Y				
Дайын бұйымдар	X	X	X	X
Альфа бұйымы				X
Сигма бұйымы				
Барлығы	X	X	X	

8-ші қадам. Өткізілген өнімнің өзіндік құны:

Жыл басындағы дайын өнім қалдықтары	
Материалдар шығындары	
Тікелей еңбек шығындары	
Жанама өндіріс шығындары	
Өндірістік шығындардың барлығы	
Сатуға арналған тауарларды өндіру шығындары	
Минус - жыл соңындағы өнім қалдықтары	
Өткізілген өнімнің өзіндік құны	

9-шы қадам. Маркетингтік және әкімшілік шығындарының бюджеті:

Маркетинг шығындары:	X
Комиссия ұсталымдары	
Сауда қызметкерлерінің еңбекақысы	
Көлік шығындары	
Жарнама	
Маркетинг шығындары	
Әкімшілік шығындары:	X
Басқару шығындары	
Офис қызметкерлерінің еңбекақысы	
Басқа да шығындар	
Әкімшілік шығындарының барлығы	
Әкімшілік және маркетингтік шығындарының барлығы	

10-шы қадам. Жоспарлық шығындардың пайдалары мен залалдары жөнінде есеп беру:

Көрсеткіштер	Көзі	Сомасы
Сатылымдар		
Өткізілген өнімнің өзіндік құны		
Жалпы маржа		
Маркетингтік және әкімшілік шығындары		
Жалпы пайда		

1 есептеу:

Жоспарлық жылдың соңындағы ақшалай қаражаттар = жыл басындағы ақша қаражаттарының қалдығы + ақша түсімдері – төлемдер

2 есептеу:

Клиенттер қарыздары = жыл басындағы клиенттер қарыздары + сатылымдар– клиенттерден ақша қаражаттарының түсуі

3 есептеу:

Жиналған амортизация = кезең басындағы жиналған амортизация + жоспарлық жылдың амортизациялық аударымдары

4 есептеу:

Қысқа мерзімді қарыздар = жыл басындағы қысқа мерзімді қарыздар + сатып алу (материалдар + тікелей еңбек + (жанама шығындар – бір жылдағы амортизация) + маркетинг және әкімшілік шығындары) – ақшалай төлемдер (төлемдер)

5 есептеу:

Жиналған пайда = жыл басындағы жиналған пайда + жоспарлық жыл пайдасы

11-ші қадам. Жыл соңындағы баланс:

Активтер	X	X
Айналым құралдары:	X	X
Ақшалай қаражаттар		X
Клиенттер қарыздары		X
Қорлар		
Негізгі құралдар:	X	X
Жер		X
Ғимараттар мен құрал-жабдықтар		X
Минус жиналған амортизация		
Активтердің барлығы	X	
Борыш және меншік құралдары	X	X
Қысқа мерзімді қарыздары		X
Капитал		X
Жиналған пайда		X
Борыш және меншікті құралдардың барлығы	X	

12-ші қадам. Жоспарлық жыл бойынша ақша ағымдары туралы есеп беру:

Негізгі қызметтің ақша ағымдары		X
Пайда		X
Түзетулер:	X	X
Амортизация		X
Клиенттер қарыздарының азаюы		X
Қорлардың ұлғаюы		X
Қысқа мерзімді қарыздың өсуі		
Негізгі қызметтің ақша ағымы-нетто	X	
Жыл басындағы ақшалай қаражаттар		X
Жоспарлық жыл соңындағы ақшалай қаражаттар		X

№ 7 тақырып. Басқарудың әр түрлі деңгейлеріндегі шешімдерді негіздеу үшін басқару есебінің мәліметтерін пайдалану

24 тапсырма

Келесі өндірістік жағдайларда өнім рентабельділігін және оның шаруашылық қызметтің нәтижелеріне қосатын үлесін талдау үшін қандай критерийлерді қолдану керек:

- өндірістік ресурстар жеткілікті мөлшерде болады және жеке өндірістер мен бүкіл кәсіпорын үшін қуаттылықтар жеткілікті мөлшерде;
- барлық кәсіпорынның қуаттылықтары жүктелген, бірақ бір өндірістік фактор толығымен қолданылмайды;
- бірнеше өнім түрін шығаратын кәсіпорында бір өндірістік фактордан артық қолдану мүмкіндігі шектелуі бола ма?

25 тапсырма

Келесі ұғымдардың мазмұнын түсіндіріңіз: инвестиция; капиталдық салымдар; қаржылық және өндірістік инвестициялар; ұзақ мерзімді активтер; дисконт; табыстардың дисконтталуы; таза дисконтталған құн; калькуляциялық пайыздық ставка; аннуитет.

26 тапсырма

Келесі сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз:

1. Қаржылық және өндірістік инвестициялар арасындағы айырмашылық қандай?
2. Неліктен бизнесте инвестициялар туралы шешімдер аса маңызды болып есептеледі?
3. Қандай жағдайларда инвестициялар табыс әкеледі (зиянды болып табылады)?
4. Өтелу мерзімі әдісі бойынша инвестициялар пайдалылығы (рентабельділігі) қалай анықталады?
5. Жиналған (кумуляцияланған) барверт (ТДҚ) әдісі бойынша инвестициялар тиімділігін бағалаудың мәні неде?
6. Инвестициялар рентабельділігі ішкі пайыздық ставка әдісі бойынша қалай анықталады?
7. Инвестициялау варианттары бойынша оптималды шешім таңдау критерийлері қандай?

27 тапсырма

1. Жиһаз фабрикасында 9000 шкаф дайындау бойынша бір реттік тапсырысты орындау үшін монтаждық конвейер орнату қарастырылған, оның нәтижесінде

29 000 а.б. құрайтын инвестициялық шығындармен шкафты жинау уақытын 0,5 сағ/бірлігіне қысқартуға болады. Егер де негізгі еңбекақы 8 а.б./сағ құрап, ал қосымша еңбекақы шығындары негізгі еңбекақының 50 % көлемінде есептелуі болжамданатын болса, бұл инвестиция жүзеге асыруға лайықты болып табыла ма?

2. Егер де қайта енгізілген өндіріс құралдарды 3 жыл, 5 немесе 10 жыл қолдануға мүмкін болса, ал капиталға қойылған пайыздық ставка деңгейі 10 % жылдығын құраса, бір жұмыс орнына кететін шығындарды үнемдеу үшін қанша капитал салымдары қажет болад?

28 тапсырма

Бақ инвентарін дайындайтын кәсіпорынның өткізілген өнімнен түсіретін пайдасы соңғы кезде біршама қысқарды, себебі бәсекелестер соған ұқсас бұйымдарды 5 – 7 пайызға арзан сата бастады.

Кәсіпорын өз өнімінің бағасын 9 %–ға төмендетуді ұйғарды. Алдына қойған мақсатқа жету үшін және өндірістік–өткізу қызметінің бұрынғы нәтижелерін азайтпау үшін кәсіпорын сауда көлемін нешепайызға немесе ақшалай бірлікке арттыруы қажет? Жеке жұмыс орындарында өндіріс өсімін қамтамасыз ету үшін екі сменамен жұмыс жасау керек болады, ал бұл тұрақты

шығындарды 40 000 а.б. арттыруды қажет етеді. Есептеу үшін өткен жылдың кәсіпорын шығындары мен пайдасы жөніндегі мәліметтерді пайдаланыңыз, а.б.:

пайда-брутто	1 500 000
өткізу бойынша тікелей шығындар	46 000
ҚҚС, акциздер	300 000
ауыспалы шығындар	570 000

29 тапсырма

Шаруашылық жағдай

Жағдай соңғы семинарда талқыланады. Студенттер 5 – 6 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Талқылау уақыты – 45 минут.

Германиядағы печеньең негізгі өндірушілерінің бірі, «Бисбо» акционерлік қоғамының коммерциялық қызметін басқарушы Ашингер мырза печеньең «Коктейль» және «Пикник» толтырғыштары бар екі сортының тауар айналым динамикасын зерттеді. Оның байқағаны – қоғамның сауда айналымы соңғы жылдары тұрақты өссе де, «Коктейль» және «Пикниктің» өткізу көлемі біраз уақыт бірқалыпты өзгермеді. Одан басқа, есептеулер печеньең бұл сорттары фирма үшін пайдасыз, зиян екенін көрсетті. Өткен жылы «Бисбо» тауар айналымы 740 000 неміс маркасын құрады, соның ішінде «Коктейль» және «Пикниктің» сауда көлемі 320 000 марканы ғана құрады. Сауда істері бойынша басқарушы Штарк мырза бұл сорттар сатылымының нәтижелері нашар болу себебі бәсекелес фирмалардың сапасы мен дәмі ұқсас, 10 данадан целлофан пакетіктеріне салып сата бастағаны, ал «Коктейль» мен «Пикник» өлшеніп сатылатындығынан деп есептейді. Егер де «Бисбо» печеньеңін осындай орамамен сатса, өзінің сауда айналымын біршама көтеретініне Штарк сенімді. Ол фирма мүмкіндіктері мен нарық конъюнктурасын зерттеу нәтижелерін мұқият талдау негізінде орамадағы печеньең екі сортын өткізу айналымы келесі жылда 1 045 000 маркаға дейін өсу ықтималдығын есептеп шығарды. Штарк мырза «Бисбо» компаниясында 8 жыл жұмыс жасады және неміс нарығындағы печенье жағдайын жақсы білетін. Әр жылы ол барлық өнімнің сатылымынан түскен түсімнің айлық болжамдарын нарық зерттеулеріне негізделген сауда есептемелері мен ұсыныстарына сүйене отырып, құрастырды. Ай сайынғы 87 позициясы бар болжамдардан орташа есеппен нақты өткізудің болжамнан ауытқуы 72 позицияда 20 % төмен болды, 11 позицияда айналым болжамнан 20 – 70 % төмен және 4 позицияда болжамнан 20 – 30 % жоғары болды. Техникалық бөлім Штарк мырзаның ұсынған орама әдісінің қолдану мүмкіндіктерін зерттеп, пайдалану мерзімі 10 жыл, бағасы 31 000 марканы құрайтын орағыш (буып түйгіш) машинаны сатып алу қажет екенін шешті. Машинаны орнату шығындары қосымша 1200 марканы құрайды. Штарк мырза жоспарлаған целлофан орамаларындағы печенье шығарылымының 376 000 кг көлемінде бір жылдағы өндірістік шығындар шамамен 7826 марканы құрайды, соның ішінде:

еңбекақы	1 000
материал (1 м2 x 0,13 марка 48 000м2 целлофан)	6 226
электр энергиясы шығуы	600
Барлығы	7 826

Шығындар есебінің бөлімі келесі жылға печенье өндірісінің шығындар сметасын құрастырды. Бұл орама әдісін қолданған соң, печеньеінің екі сортын өткізуден түскен жылдық айналым сомасы 650 000 марканы құрайтын 117 000 кг көлемінде болжанады. Печеньеінің осындай көлемін дайындау бойынша тікелей шығындар «Коктейль» үшін 299 617 марка, «Пикник» үшін - 320 158 марканы құрайды. Бүкіл кәсіпорын үшін қолданыстағы көрсеткіш болжанатын айналымнан 14,38 % үлестірілген жалпы үстеме шығындар 46 735 марка сомасында күтіледі. Бұдан келесі болжам жасауға болады: келесі жылы печеньеінің екі сортының өндірісіне кететін жалпы шығындардан 63 245 марка сомасындағы жалпы табыстар асып кетеді, немесе 9,73 айналымға. (төмендегі кестені қараңыз).

117000 кг «Коктейль» және «Пикник» печеньеісінің өндірісіне кеткен үстеме шығындарының жалпы көлемін есептеу (марка)

Печенье сорты	Өндірістік шығындар	Үстеме шығындар	Күтілетін айналым	Үстеме шығындардың тұрақты бөлігі			
				Базистік жыл		Есепті жыл	
				сома	%	сома	%
«Коктейль»	299 617	346 352	325 000	21 352	6,57	28 383	9,81
«Пикник»	320 158	366 893	325 000	41 893	12,89	4 842	1,29
Барлығы	619 775	713 245	650 000	63 245	9,73	30 225	4,65

*Өндірістік шығындарға үстеме шығындардың тұрақты бөлігі мен басқа жалпы шығындардан басқасының барлығы жатады.

Кестеде 117 000 кг печенье өндірілгенде «Коктейль» мен «Пикник» үлесіне жалпы шығындардың 4,65 % (14,38 – 9,73) үлесі тиеді.

Шығындар бөлімінің басшысы Загер мырза өзінің жалпы шығындарды үлестіру әдісін ұсынды. Оның әдістемесі бойынша жыл басталмастан бұрын барлық өнімдердің өткізілуінен болжанатын айналымдар қосылып, одан соң жорамалданған шығарылымның жалпы көлеміне шығатын үстеме шығындарды болжанады. Осы екі болжамның көмегімен бүкіл кәсіпорын үшін үстеме шығындардың жалпы бөлігінің нормативтік ставкасы есептеледі. Бөлінген соң олар жеке өнімдер бойынша ауыспалы шығындарға қосылады. Бөлістіруді өткізуден түскен нақты түсім көрсеткіштері негізінде жүзеге асырады. Келесі жылға бағалау бойынша жалпы шығындардың тұрақты бөлігі 7 967 000 маркаға, ал жалпы айналым 55 400 000 маркаға дейін жетеді. Осыдан үстеме шығындар нормативі 14,38 % құрады. (7 967 000 / 55 400 000 x 100).

Үстеме шығындардың тұрақты бөлігінің болжамы, марка:

Өндірістік шығындар	2 554 000
Коммерциялық шығындар	1 245 000
Жарнама	410 000
Пайыздар	80 000
Амортизация	976 000
Басқа да шығындар	2 702 000
Барлығы	7 967 000

Әдетте күтілетін өнімдерге шығатын шығындар есептеулеріне көп назар аудармайтын Ашингер мырза «Коктейль» және «Пикник» өндіріс шығындарын жаппайтынын білгенде қатты таң қалды. Ол Штарк мырзамен бірге осы сорттарды шығарудан бас тарту мүмкіндігін талқылады. Бірақ олар келесі пікірге келді: «Бисбо» фирмасының ассортименті мен беделі үшін екі өнімнің де маңызы зор, сондықтан да бұл қажетсіз. Осыған қарамастан Ашингер мырза онсыз да залалды өнім үшін жаңа машинаны сатып алуды жөн көрмеді, себебі бұл қосымша шығындарға соқтырады.

Ашингер мырза пайдаға асатын вариант іздеді, себебі өндіріс көлемінің ұлғаюымен қатар шығындар да, соның ішінде үстеме шығындардың тұрақты бөлігі де өседі. Оның есептеулері Штарк мырзаның оптималды бағалауына негізделді. Соларға сәйкес «Коктейль» және «Пикник» целлофан қалтада сатылатын болса, өткізілу көлемі 376 000 кг, жалпы сомасы 1 045 000 маркаға дейін барады.

Оның есептеуі бойынша сауда айналымының болжанған 395 000 неміс маркасына ұлғаюы 14,38 % ставкасы бойынша емес, қолданыстағы 4,65 % ставкамен есептеген жағдайда да үстеме шығындардың жалпы сомасының біршама артуына әкеледі.

Ашингердің есептеулері бойынша бұл шығындар 18 370 маркаға артады, немесе 395 000 марка айналымының 4,65 % құрайды.

«Бисбо» фирмасының экономикалық стратегиясы негізгі құралдарға салынған инвестицияларға салық салғанға дейін 20 % пайда табу қажеттілігінен туындады.

Сіз Ашингер мырзаның орнында қандай шешім қабылдар едіңіз? Шешіміңізге дәлел келтіріп, есептеулермен растаңыз.

ГЛОССАРИЙ

Ағымдағы шығын нормасы - өндірістің жоспарланған тиімділігін қамтамасыз ететін аз уақыт аралығындағы шығын..

Азаймалы шығын - өзгермелі шығындардың әр түрлілігі. Шығынның өсу қарқыны ұйымның іскер белсенділігінің өсу қарқынынан бәсең болады.

Айналымдылық коэффициент - материалдар тобының қорларына жұмсалған күрделі қаржының орташа сомасын ТМҚ (тауар-материалдық құндылықтар) осы тобының қорын ұстауға кететін жыл сайынғы жалпы шығын сомасына бөлу арқылы алынатын шама.

Ақпарат - белгілі бір пән туралы білімімізді кеңейтетін фактілер, деректер, қадағалау.

Ақпараттық есеп беру – кәсіпорын басшыларына бөлімшелерде болған оқиғалар туралы хабарлайды. Сұрау салу бойынша жасалады.

Амортизация - Тозу дәрежесіне қарай еңбек құралының құнын осы құралдың көмегімен өндірілетін өнімге біртіндеп көшіру процесі.

Ауқымды база - шығын өзін белгілі-бір түрде көрсететін әрі нақты білінетін тенденциясы болатын ұйымның іскер белсенділігінің белгілі -бір кезеңі.

Ауытқу - алдын ала белгіленген нормативтер немесе сметалық деректер мен нақтының арасындағы арифметикалық айырмашылық .

Аяқталмаған өндіріс- технологиялық ерекшеліктің күшімен белгілі- бір сәтте дайын өнімге айналмаған өндірістік ресурстар шығыны.

Базистік стандарттар- жылдың басында белгіленіп, жыл бойы өзгеріссіз қалады.

Бақыланбайтын шығын - басқару субъектісінің қызметіне қатысы болмайды.

Бас (жалпы) бюджет (смета)-барлық ұйымның қызметін қамтитын қаржылық құжат.

Басқару аппараты – кәсіпорын қызметіне басшылық жасайтын қызметкерлердің немесе басқа өндірістік бірліктердің жиынтығы.

Басқару функциясы - объектіге жалпы біріктірілген процестер немесе әрекеттер, шешімдер жиынтығы және өндірісті басқару бойынша шешілетін міндет.

Бақылау- менеджер, басшылық тарапынан нақты және толық жоспарларды тексеруді жүзеге асыру.

Бақыланатын шығындар – кәсіпорында жұмыс істейтін тұлғаның, басқару субъектілерінің тарапынан бақылауға көнетін шығын.

Бөлек алынатын өнім өндірісінің пайдалылық орталығы - жауапты орталықтардың әр түрлілігі, онда табыс шығарылған өнімдердің ақшалай көрінісі болады, ал шығын-пайдаланылған ресурстар, пайда - өндірістік ресурстардың берілген мөлшеріндегі кірістер мен шығыстардың арасындағы айырмашылық.

Бір шеңберлі (интеграцияланған) жүйе - қаржылық және басқарушылық есепке шоттар мен бухгалтерлік хаттаудың (жазбаның) бірыңғай жүйесі қолданылатын бухгалтерлік есепті ұйымдастыру.

Бірыңғай жалпы зауыттық мөлшерлеме - бөлімшелермен орындалған және бір тапсырысқа қатысты барлық жұмыс уақытындағы бірдей шығыны бар өндірістік бөлімшелерге үстеме шығынды бөлу мөлшерлемесі.

Бухгалтерлік басқару есебі- ұйым қызметін жоспарлау, бақылау және оның өздігінен басқарылуы үшін басқарушы қызметкер ақпаратпен қамтамасыз ететін бір ұйымның аясындағы қызмет түрі. Басқару есебіндегі ақпарат базасының негізіне – кәсіпорын шығындары туралы деректер жатады.

Бухгалтерлік есеп - бухгалтерлік қаржылық және бухгалтерлік басқару есебін айрықшалайды. Біріншісінің мақсаты -сыртқы пайдаланушыларды бухгалтерлік ақпаратпен қамтамасыз ету, екіншісінікі - ішкі пайдаланушылар.

Бухгалтерлік модель - өндіріс көлемінің өзгерісіне қарай жиынтық табыс пен шығынға желілік тәуелділік графигі.

Дайын өнімнің өзіндік құнына қосылатын шығын - өткізу сәтіне дейін аяқталмаған өндіріске және дайын өнім өндірісіне байланысты шығындар.

Директ-костинг- дайын өнім түрлері бойынша тікелей шығынды жалпылайтын (қорытындылайтын) басқару есеп жүйесі; жанама шығын есептік кезеңнің қаржылық нәтижесімен өтеледі.

Еңбек ресурстарын басқару- еңбек ресурстарын жоспарлауды, жұмыс күшін іріктеу мен одан бас тартуды, еңбек пен сандарды нормалауды, жұмыс күшінің шығын есебін, кәсіби бағдарлау мен оқытуды, еңбек қызметтерін бағалауды (өнімділік есебін), басқарушы кадрларды дайындауды, жұмысшы күшін пайдалану мен оның шығынын бақылауды, реттеуді қамтитын жүйе.

Есептік кезең шығыны - дайын өнімдер мен аяқталмаған өндіріс қорындағы шығынды шығарушы шығындардан тұрады.

Жабдықтау кезеңі - материалды өндіруге немесе сатып алуға қажетті уақыт аралығы. Материалға тапсырыс беруді шешу және оны қоймаға жеткізудің арасындағы уақыт аралығын қамтиды.

Жабдықтау мерзімінің ауытқуы - жұмыс уақытында жабдықтау нақты жүзеге асырылған күн мен жоспарланған күннің арасындағы айырмашылық.

Жалпы нормативтік еңбек шығындары - есептік кезеңде шығарылған өнім бірліктерінің санымен және дайын өнім бірліктерінің нормативтік еңбек шығынымен анықталады.

Жалпыланған қаржылық смета (бюджет) - баланс, қолда бар ақша қозғалысының есебі, кірістер мен шығыстар шоғырландырма түрінде, яғни шоғырландырылып берілетін бірыңғай жиынтық құжат.

Жанама шығындар - шығын шығарушыға тікелей жүктеуге мүмкін емес немесе экономикалық жағынан пайдасы жоқ шығын. Ол есептік саясаттағы кәсіпорын таңдаған әдіске сәйкес жекелеген шығын шығарушыларға бөледі.

Жанама шығындарды бөлу базасы - шығын шығарушы бойынша бөлінетін жанама шығындарға үйлесімді (пропорционал) көрсеткіш.

Жанама шығындарды бөлу мөлшерлемесі - калькуляциялау объектілеріне жанама шығынды алдын ала бөлуге мүмкіндік беретін, есептік кезең басталғанға дейін бұрын есептелген норматив.

Жауапкершілік - міндеттерді орындау міндеттемелері және оларды қанағаттандыруарлықтай аяқтауды қамтамасыз ету.

Жауапты орталықтарда пайда болған шығын есебі - "шығын - шикізатты қайта өңдеу көлемі пайда" принципіне жауап беретін шығындарды топтастыру жүйесі. Нақты деректер мен сметалық деректер салыстырылатын, сметаның орындалуы туралы – есеп беруді жасайды.

Жеке өндіріс - қайталанатын немесе қайталанбайтын, кезеңдік емес әр түрлі мөлшердегі -ірі, орташа, ұсақ бұйымдарды ұзақ кезеңмен өндіріп шығару.

Жиынтық есеп - кәсіпорынның шығынын дайын өнімдер мен аяқталмаған өндіріске бөлу үшін, барлық шығарылған өнімдер мен дайын өнімдердің жекелеген түрлерінің өзіндік құндарын есептеу үшін ақпараттарды дайындау мақсатында тұтас кәсіпорын бойынша өнім (жұмыс, қызмет) түрлерімен негізгі және қосалқы өндіріс цехтарының тұрғысындағы шығын баптары бойынша өндіріс шығынын қорытындылау жүйесі. Ол екі нұсқада - жартылай дайындалған өнімсіз және жартылай дайындалған өнімді болады.

Жоспарлау - болашақта жүзеге асырылуы ықтимал әрекет нұсқаларын таңдау.

Жоспарлы-есептік бірлік - өндіріс есебі мен жоспарлауда қабылданатын өндіріс көлемінің бірыңғай өлшеу көрсеткіштері.

Жұмыс күшінің шығынын жіктеу - шығындарды есеп мақсаттары бойынша, түрлермен, элементтермен, қызметкерлердің құрамы, олардың категориялары бойынша, шығын бағыттары мен өнім түрлері бойынша басқару функциялары құрылымдық бөлімшелер бойынша топтастыру. **Жүктелген (болжанатын) шығындар** - талдаушы-бухгалтер дұрыс басқару шешімін қабылдау үшін болжауға тура келетін шығын. Мәні бойынша кәсіпорынның қолдан жіберіп алған пайдасы.

Жіктеу белгілері - жоспарлауда есепте және оның жалпы ерекшелігін белгілеуде қабылданатын экономикалық ақпараттарды топтастыру.

Калькуляция - өнім (жұмыс, қызмет) бірлігінің өзіндік құнын есептейді және бухгалтерлік есеп әдісінің бір элементі. Калькуляциялау - бұл калькуляцияларды жасау. Жоспарлы, нақты және сметалық калькуляциялар бөліп көрсетіледі.

Калькуляция бабы - шығын шығарушыны және шығынның пайда болу орнын қоса ескеретін шығын түрлері. Калькуляция бабы бойынша шығынды жіктеу ресурстар қайда және не үшін шығын болды деген сауалдардың жауабын береді.

Калькуляциялау объектісі - тұтыну құны анықталған жұмыс пен қызмет, дайындалуы әр деңгейдегі ішінара өнімдер, жартылай әзірленген өнімдер, өнім түрлері.

Калькуляциялаудың процестік әдісі - өлшеудің және калькуляциялаудың бірыңғай бірлігімен шығаратын өнімді шектеулі номенклатурамен аяқталмаған өндірісті не азғантай мөлшермен немесе басы бүтін болмайтын, жалғасы жоқ (тізбектілікті емес) өндірістік кезеңдегі өндірістің жалпы сипатын сипаттайтын кен өндіру өнеркәсіптері мен энергетикада қолданылады. Қайта бөлістік калькуляциялаудың ықшамдалған әр түрлілігі ретінде жиі қарастырылады.

Кәсіпорынды бақылау жүйесі- барлық кәсіпорын бөлімшелерінің шаруашылық қызметтерінің нақты нәтижелері туралы ақпаратты алуға, әзірлеуге, талдауға, ауытқуларды анықтауға және осы ауытқулардың себебін

талдауға негізделген басқарушылық бақылау жүйесі, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге қажетті шараларды әзірлеу.

Кәсіпорынның нормативтік шаруашылығы - өндіріске қызмет ету мен оны басқару шығындарының, еңбек шығынының, энергияның барлық түрлерінің, отынның, сатып алынатын бұйымдардың, материалдар мен шикізат шығындарының ағымдағы норманың нормативінің және сметасының жүйесі.

Кезеңдік шығын (есептік кезең шығыны) - өнім (жұмыс, қызмет) өндірісімен тікелей байланысты болмайтын шығын. Коммерциялық және әкімшілік шығындардан тұрады.

Кіру шығыны - болашақта табыс әкелуі керек сатып алынған және қолда бар ресурстардың болуы.

Калькуляциялау мен шығын есебінің тапсырыстық әдісі - теңдессіз немесе арнайы тапсырыстағы бұйым бойынша орындалатын дайындауда пайдаланылатын әдіс. Ол жеке және ұсақ сериямен өндіретін кәсіпорындарда қолданылады: тұрмыстық қызмет көрсетуде, полиграфиялық өнеркәсіптерде, құрылыс және т.б. Шығын есебінің объектісі мен калькуляциялау объектісіне клиенттің өзіне арнайы дайындалатын белгілі бір сандағы бұйымға тапсырыс өтінімі жатады.

Қайта бөліспен калькуляциялау - қайта бөлу деп аталатын өндірістің барлық сатылары арқылы белгілі бір тізбектілікпен өтетін біркелкі бұйымды түйдекті сериямен өндіретін өнеркәсіп салаларында қолданылатын шығын есебі мен калькуляциялау әдісі.

Қайтарылмайтын шығындар - бұрын қабылданған шешімнің нәтижесінде пайда болатын өткен кезеңнің шығыны. Оған ешқандай басқарушылық шешім әсер ете алмайды.

Қосымша шығын - бұрын әкелінген шығынға қосуға біреудің өндіретін шығыны.

Қызмет нәтижесі - "шығын-табыс" экономикалық көрсеткіштермен өлшенетін тиімділік.

Лимит - белгілі бір кезеңге ресурстарды тұтынушылар белгілеуі мүмкін шығынның шекті шамасы.

Лимиттеу - белгіленген өндірістік бағдарлама мен шығын мөлшерінен есептелетін өндірістік ресурстар шығынының шекті шамасын белгілеу тәсілі.

ЛИФО - өндіріске (сатуға), бірінші боп түскен ресурстар сатып алу уақыты бойынша кезекте соңғылардың өзіндік құндары бойынша бағалануы керек ұйғарымдарға негізделген қорларды бағалау әдісі.

Маржиналдық табыс әдісі - өнімдерді өткізуден түскен түсім мен өзгермелі шығын шамасы арасындағы айырмашылыққа негізделген теңестіру әдісінің әр түрлілігі. "Директ-костинг" жүйесінде анықталады.

Маржиналдық шығын мен табыс - өнім бірлігінің есебіндегі қосымша шығын мен табыс.

Материалдық қорларды басқару - жыл сайынғы қор шығынының жалпы сомасын

Нақты және нормативтік шығын есебінің қосарлас (паралельдік) жүйесі - өндіріс шығыны туралы ақпараттар қозғалысын екі бағада бейнелейтін үлгі.

Нақты шығын есебінің әдісі -қолданыстағы норма бойынша шығын шамасы туралы деректің есебінде бейнеленбейтін нақты өндірістік шығын туралы дерекгерді тізбектілікпен жинау. Өнімнің (жұмыс, қызмет) нақты ("тарихи") өзіндік құндарын есептеуге мүмкіндік береді.

Негізгі шығын – технологиялық процеспен тікелей байланысты шығын.

Негізгі шығын нормасы – ұзақ уақыт бойы өзгеріссіз қалатын тұрақты шығын.

Норма - өндіріс ұйымы мен озық технология жағдайындағы шаруашылық қызмет нәтижесінің алдын ала белгіленген сандық көрінісі.

Нормалау - өндірістік ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған оңтайлы норма мен нормативтердің ғылыми негізделген есеп процесі.

Нормативтік-анықтама ақпараты - өндіріс процесінде өзінің сипатын ұзақ уақыт өзгертпейтін әр түрдегі пәндерде кәсіпорын ресурстарын сипаттайды, ал ол туралы мәлімет есептік және жоспарлы есептерде көп пайдаланылады.

Нормативтік шығындар – кәсіпорынды болашаққа бағдарлаушы және бірқатар шектеулермен шартталған шығынның ғылыми негізделген деңгейі.

Нормативтік шығын бойынша есеп жүйесі - нақты шығын алгебрлік жолмен нормативтік шығынды және одан ауытқуды анықтайтын үлгі.

Нормативтік шығын бойынша өзіндік құндық калькуляция жүйесі - алдын ала нормативтік калькуляцияны жасаудан тұрады. Жұмыс, қызмет және өнімнің жекелеген түрлері бойынша анықталған нормадан ауытқуларды бөлу.

Оперативтік өндіріс есебі - технологиялық процестің сатылары бойынша жартылай дайындалған өнімдердің, тараптардың, бөлшектердің заттай түрінде қозғалыс есебі.

Оперативтік-өндірістік жоспарлау - аз уақыт аралығына жұмыс орны, құрылымдық бөлімшелер бойынша көрсеткіштерді нақтылау, айқындау бойынша жоспарлы жұмыс.

Операциялық шығын нормасы - материал шығынының, жеке операцияның еңбек шығынының есебі.

Өзгермелі шығын - өндіріс деңгейіне (көлеміне) тікелей байланысты болатын шығын.

Өндіріс - мақсатты бағыттағы қызмет. Бұл қызметтің арқасында жекелеген компоненттер пайдаланып өнімге айналады.

Өндіріс шығыны - ақшалай түрде көрінетін кәсіпорынның өнім (жұмыс және қызмет) өндіру мен оны өткізу шығынының жиынтығы.

Өндіріс шығынын есептеу әдісі және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау - өнім бірлігінің нақты өзіндік құнын анықтауды қамтамасыз ететін өндірістік шығындарды көрсету және құжаттау тәсілдерінің жиынтығы. Шығын есебінің объектілері бойынша процестік, қайта бөлістік және тапсырыстық әдістері бөліп көрсетіледі; ескерілетін шығындардың толық болуына қарай өзіндік құндарды толық және толық емес етіп калькуляциялау, оперативтілігі бойынша нормативтік шығын мен нақты өзіндік құн есебінің әдісі болады. Калькуляциялау және өндірістік шығын есебінің әдісін кәсіпорын дербес таңдайды.

Өндіріс шығынын жіктеу - шығындарды есеп бағыттарымен, жалпылау (қорытындылау) принциптерімен және өзіндік құнды басқару мақсатымен топтастыру.

Өндіріс шығынының құрылымдық есебі – қысқа мерзімді мен ұзақ мерзімдіден тұратын. тікелей, жалпы өзгермелі және құрылымдыққа топтастырылатын шығын нұсқасы..

Өндіріс факторлары бойынша шығын есебі - жұмыс күні, еңбек құралы, материал шығындары, өндірістік процесс, ағымдағы факторлар бойынша топтастырылатын шығын нұсқасы.

Өндіріс шығынының көп сатылы есебі - әр сатыдағы шығынның орнын толтыру үшін үстеме баға (маржа) жинақтайтын нұсқа.

Өндірістік есеп - бухгалтерлік басқару есебінің негізі. Өндіріс шығындары туралы ақпараттарды жинақтайды, өткен кезеңдегі сметамен немесе болжаулармен салыстырғандағы оның өсу себептерін талдауды және үнемдеудің ықтимал резервтерін анықтайды.

Өндірістік өзіндік құнға тек өндірістік шығын жатады. Калькуляциялаудан басқару және өткізу шығындары шығарылады.

Өндірістік ресурстар - еңбек және материалдық ресурстардың, сондай-ақ тұтыну құндарын жасаудың өндіріс процесіндегі негізгі қорлардың жиынтығы.

Өндірістік тапсырыс - тапсырысты орындау бойынша жұмыстың барлық кешенін біріктіретін жоспарлы-есеп бірлігі.

Өндірістік шығындар - өнім, жұмыс, қызмет өндірісімен байланысты шығын. Өндірістік өзіндік құнның есебінде ескеріледі.

Өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құны - оны өндіру мен өткізуге кететін, яғни шикізат, материал, отып, энергия, негізі қор, еңбек және басқа да ресурстардың ақшалай түрде бейнеленетін шығындары. Цехтық, өндірістік, толық сондай-ақ "шекгеулі" ("директ-костинг" жүйесі) өзіндік құндар бөліп көрсетіледі.

Өсім шығыны (табысы) - өнімнің (жұмыс, қызмет) қосымша партиясын сатудың немесе дайындаудың нәтижесінде пайда болатын қосымша шығын (табыс).

Өтелімділік кезеңі - ұйымның таза табысы бастапқы жұмсалған күрделі қаржының орнын толық толтыратын уақыт аралығы.

Өткен шығын - қазіргі уақытта табыс әкелетін, алайда, болашақта табыс әкелу қабілетін жоғалтқан жұмсалған (шығындалған) ресурстар.

Пайда болған шығын үшін жауапты орталықтар - бір есептік процесте шығынның пайда болу орталығы мен менеджерлердің жауапкершілігін біріктіру мүмкіндігі бар, менеджерлер басқаратын кәсіпорынның оқшауланған құрылымдық бөлімшелері.

Пайда болу орталығы бойынша шығын есебі - өнім түрлеріне катыссыз пайда болу орны бойынша топтастырылатын шығын есеп объектісі ретінде жалпы өндірістік сипаты болатын жанама шығынға бөлінетін, ал тікелей-шығынның пайда болу орнын қорытындыламай өнім бойынша ескеретін жүйе.

Пайда орталығы- сату көлемі, баға. өзгермелі шығын сияқты басты пайда көрсеткіштерін анықтауда үлкен рөлі болатын жауапты орталықтар.

Реттелмейтін (бақыланбайтын) шығын - жауапты орталық басшысы ықпал ете алмайтын шығын.

Реттелмейтін шығын мен табыс - жауапты орталық менеджерлері олардың шамасын реттемейді.

Салыстырмалы жеке еңбек шығынының есебі - шығынның пайда болу орны бойынша. жауапты орталықтарға және дайын өнімдерге тікелей жататын шығындар нұсқасы.

Сериялық өндіріс - мамандандырылған жабдықта әзірленетін сан мыңдаған бөлшектерден тұратын үлкен номенклатурамен бұйымдарды өндіру.

"Стандарт-кост" - "стандартты" өзіндік құндарды есептеуге мүмкіндік беретін және барлық шығындарды қатал нормалауға негізделген калькуляциялау жүйесі. Бухгалтерлік есепті және шығын шығарған орталықтардың басшыларына жайсыз ауытқулар үшін жауапкершілік жүктелетін - стандарттықтан нақты шығынның ауытқуын мұқият талдауды ұйғарады. Отандық нормативтік есептің үлгісі.

Стандарттық норма - қажетті материалдарды, өндірістік технологияны, технологияда қарастырылған операцияларды орындауға кететін уақыт шығынын, әр түрлі жағдайлар мен жабдықты дұрыс таңдаудағы яғни. жағдайдың сапасына қарай болатын өнім бағасын талдау мен есептеу нәтижесінде алынатын ғылыми негізделген шама.

Стратегиялық жоспарлау - ұйымның алға қойған мақсатына жетуіне арналған өзіндік ерекшелігі бар стратегияны әзірлеуге апаратын кәсіпорын басшылары қабылдайтын әрекеттер мен шешімдерді іріктеу.

Талдаушы-бухгалтер - басқару міндеті жүктелген бухгалтер.

Тапсырыс берілген материал партиясы - бір партияға тапсырыс берілетін және жеткізілетін қорлардың саны.

Тауар партияларын жіберу шығыны - өнімнің дайындалған бірліктерінің санына емес, негізінен тапсырыстардың санына байланысты болатын тапсырыстың жалпы шығын сомасы.

Тенестіру әдісі - формула бойынша таза пайданы есептеудің көмегімен шиеленіскен сәтті (критическая точка) анықтау әдісі.

Техникалық-экономикалық жоспарлау - алдағы ұзақ кезеңі, кәсіпорынды дамьпудың кешенді жоспарын, бір жылғы бюджет, смета жасау.

Тиімді шығын – шығыс нәтижесінде шығару үшін өндірілген өнім түрлерін өткізуден түскен табыс алынады.

Тиімсіз шығын – нәтижесінде өнім өндірілмейтін бейөндірістік сипаттағы шығын.

Толық шығын нормасы - жеке атаудағы бөлшектерге қатысты операциялық норманы қорытындылаудың нәтижесінде алынатын шама.

Трансферттік баға - бір жауапты орталықтың екінші бір жауапты орталыққа өз өнімін немесе қызметін берудегі баға. Трансферттік баға белгілеу орталықсыздандырылған ұйымдық құрылымы бар ұйымдарда қолданылады.

Тұрақты шығын - белгілі бір ауқымды базаның аясында ұйымның іскерлік белсенділігінің өзгерісіне қатыссыз қалатын (не реагируют) шығын.

Тікелей шығын - қандай да бір жанама әдісін пайдаланбай- ақ шығын шығарушыға тікелей салынатын шығын. Ол тікелей материалдық шығын мен тікелей еңбекақы шығынынан тұрады.

Үдемелі шығын - ұйымның іскер белсенділігінен де жылдам өсетін шығын.

Үйлесімді шығын - өзгермелі шығынның әр түрлілігі. Ұйымның іскер белсенділігінің қарқынымен бірдей қарқынмен өседі.

Үстеме шығын - кәсіпорынды басқарумен, өндірісті басқару және оған қызмет етумен бай-ланысты кешенді шығын.

Цех ішілік (ішкі цех) есеп - өндірістік бөлімшелер ішінде жұмыс орындарының арасындағы бөлшек, торап және жартылай дайындалған өнім қозғалысын ағымдағы қадағалау, рәсімдеу, есептеу және бақылау.

Шартты бірлік - аяқталған өнім бірлігін өндіруге қажетті шығынды іріктеу.

Шартты бірлік әдісі - шартты түрде дайын бұйымда өңделуі толық аяқталмаған бұйымды қайтадан есептеуге мүмкіндік береді.

Шартты-өзгермелі (шартты - тұрақты) шығындар - өзгермелі және тұрақты компоненттерді қамтитын шығын.

Шекті шығын (табыс) - қосымша дайындалған өнім бірлігі есебіндегі қосымша шығын (табыс)

Шығын – болашақта табыс әкелуге қабілетті кәсіпорын активтері ретінде баланста тіркелетін қолда бар сатып алынған ресурстарға жұмсалатын қаражат.

Шығын бағасы - өнімнің өзіндік құнына негізделетін баға. Пайдалылық табалдырығын белгілеуде пайдаланылады.

Шығын жинау жүйесі – жауапты орталықтар бойынша шығындарды қорытындылау әрі оларды осы орталықтармен жасалған өнім түрлері бойынша бөлу.

Шығын есебінің объектісі – шығынның пайда болу орны, біртекті өнімдердің түрлері немесе топтары.

Шығынның пайда болу орны - бақылау және басқару үшін өндіріс шығынын жоспарлау, мөлшерлеу және есебі ұйымдастырылатын ұйымның құрылымдық бөлімшелері, жұмыс орны, , участка, цех).

Шығынның пайда болу орталығы - өндіріс шығынының есебін және нормалауды жоспарлауды ұйымдастыруға мүмкіндігі бар кәсіпорынның оқшауланған құрылымдық бөлімшелері

Шығын есебінің нормативтік әдісі - өндіріс кезінде нақты шығынның нормативпен ауытқуын анықтау арқылы объект процесс, операция бойынша шығындарды алдын ала анықтауды ұйғарады. Нормативтік өзіндік құнды және одан ауытқуды есептеуге мүмкіндік береді.

Шығын және табыс есебіне қабылданатын - қабылданған шешімге байланысты шығын мен табыс.

Шығынды нормалау негізіндегі бақылау жүйесі - шығынды нормалауға нақты шығынның нормативтен ауытқуын анықтауға және өндіріс тиімділігін арттыру шараларын әзірлеуге негізделген коммуникациялық желілер жүйесі.

Шығыс – кәсіпорынның табыс алуымен байланысты әкелетін шығынның бөлігі, мәні бойынша өткізілген өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнын сипаттайды.

Шиеленіскен сәт (критическая "мертвая" точка) - кәсіпорынның өткізуден түскен түсімге тең шығыны болатын сату көлемі.

Ішкі есеп беру - белгілі бір уақыт аралығындағы бөлімшелердің қызмет нәтижелерін сипаттаушы өзара байланысты экономикалық көрсеткіштер жүйесі.

ФИФО - сатып алу тізбектілігімен есептік кезең ішінде материалдық ресурстарды пайдалануға негізделген қорларды бағалау әдісі, яғни өндіріске бірінші түскен ресурстар (саудада, сату) жыл басындағы құндылықтардың құндарын қоса ескеретін сатып алу уақыты бойынша біріншілердің өзіндік құндары бойынша бағалануы керек.

Экономикалық модель бағаның ықпалы, шығынның мінез-құлқы, пайдаға өндіру көлемі.

Экономикалық талдау - жоспар, есеп берушілік және басқа да ақпарат көздерінің көрсеткіштері негізінде кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік-шаруашылық қызметтерінің нәтижелерін зерделейтін ғылым.

Экономикалық тиімділік нәтижемен осы нәтижеге қол жеткізу үшін өндірілген шығынның арақатынасы.

Экономикалық элемент - өндірістің біртекті шығын түрі. Шығындарды элемент бойынша топтастыру мына сауалдарға жауап береді: есептік кезеңде өндіріске не шығындалды? Бұл арада шығын шығарушы және пайда болу орны ескерілмейді.

Экономикалық нәтижелер туралы есеп берушілік - бөлімшелердің шаруашылық қызметін бағалауға арналған және қысқа мерзімді басқарушылық шешімді қабылдау негізіне қызмег ететін есеп берушілік.

ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. Вахрушина, М.А. Бухгалтерский управленческий учет: учебник /.- М: ВУСШ ШК, 2003.- 528 с.
2. Друри.К. Управленческий и производственный учет.: учебник / - М.: Юнити-Дана, 2003.- 341.
3. Карпова, Т. П. Управленческий учет. : учебник /.- М: Юнити, 2003.- 350.
4. Назарова, В.Л. Управленческий учет: учебник / - Алматы: экономика, 2004.- 308 с.
5. Кондраков, И.П. Бухгалтерский управленческий учет : учебник /- М: ИНФРА, 2003.- 368.
6. Алданиязов, К.Н Управленческий учет и анализ: учебное пособие /.- Алматы: юридическая лит-ра, 2008.- 368 с.

Қосымша әдебиеттер:

7. Закон РК «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» (изменениями и дополнениями) от 24.06.2002 г.
8. Международные стандарты финансовой отчетности КМСФО: Учебное пособие для вузов. О. В Рожнова. М. Экзамен, 2003 г.
9. Инструкция по заполнению регистров бухгалтерского учета. Утверждена приказом Департамента методологии бухгалтерского учета и финансовой аудит; Министерства Финансов РК от 24.11.1997 г. №72.
10. Бернер Д. Директ-костинг. Мюнхен, Минск: Экономика, 1993 г.
11. Би Вандер Вил. Управленческий учет (с элементами финансового учета М. ИНФРА - 1997 г.
12. Дэвид Миддлтон. Бухгалтерский учет и принятие финансовых решений. М. Аудит, Юнити, 1997 г.
13. Друри К. Введение в управленческий и производственный учет. М. Аудит, Юнити, 2000 г.
14. Карпова Т. П. Управленческий учет. М. Аудит. Юнити, 2000г.
15. Ластовецкий В. Е Учет затрат по факторам производства и центрам ответственности. М. Финансы и статистика, 1998 г.
16. Николаев С. А. Особенности учета затрат в условиях рынка: сисТақырып «директ - костинг». М. Финансы и статистика, 1992 г.
17. Нидлз Б. и др. Принципы бухгалтерского учета. М. Финансы и статистика, 1996г.
18. Радостовец В. К., Шмидт О. И. Учет затрат на производства и калькулирование себестоимости продукции, работ и услуг. Алматы, Бико, 1998 г.
19. Сатубалдин С. С. Учет затрат на производства в промышленности США. М. Фин. и стат., 1980 г.
20. Тайгашинова, К.Т. Управленческий учет логистических издержек часть 1. управление товарно-материальными запасами: учебное пособие /.- Алматы: экономика, 2006.- 208 с.
21. Омашева, А.Б. Современное состояние управленческого учета на отечественных предприятиях / Транзитная экономика: Научно-практический журнал/ ТОО "Изд. дом Темирханова".- Алматы: Транзитная экономика, 2010.- №1.- С.17-22.

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 35 бет 3 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.